



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 119 (8382) Сәрсенбі 9 желтоқсан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

Өңірде атқарыпған шаруа көп

ОБЛЫС ӘКІМІ К. Н. КӨКІРЕКБАЕВТЫҢ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ «ҚАЗАҚСТАН. 2017 МАҚСАТТАРЫ. ҰЛТТЫҚ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ» САЙЛАУАЛДЫ ТҰҒЫРНАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ЖОСПАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Құрметті Саяси кеңес мүшелері!
Құрметті әріптестер!

«Нұр Отан» партиясының «Қазақстан. 2017» мақсаттары. Ұлттық іс-қимыл жоспары» Сайлауалды тұғырнамасы - партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміздің негізгі даму бағыттары айқындалған саяси құжат және партияның ел алдына қойған биік межесі.

Сайлауалды Тұғырнаманы іске асыру бойынша партияның облыстық филиалы 2012 жылы аймақтық жоспар қабылданғанын білесіздер. Аталған жоспар партияның облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросы мен партияның облыстық мәслихатындағы фракциясында талқыланып, атқарушы органдарға қатысты тиісті шешімдер қабылданып отырды.

Облыста партияның Сайлауалды Тұғырнамасын іске асыру жөніндегі аймақтық 12 сарапшы топ, халықпен жұмыс жүргізуге бағытталған түрлі саланы қамтитын 13 партиялық жоба жұмыс жасауда.

Партия Тұғырнамасының жергілікті жерлерде уақтылы әрі сапалы орындалуына бақылау бойынша олардың тарапынан 91 ұсыныс берілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының қатысуымен онлайн режимде 18 рет сарапшы топ отырысы өткізіліп, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасулар болды.

Аталған кезеңде «Жұмыспен қамту және тұрғындар табысы», «Мемлекеттік



басқару жүйесі», «Әйелдерді қолдау», «Білім және ғылым», «Жастарды қолдау», «Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау», «Ұлт денсаулығы» бағытындағы сарапшы топтарының белсенділік танытқанын айта кету керек. Оларға түскен нақты ұсыныстар тиісті мемлекеттік және де басқа құзырлы органдарға жіберіліп, шешімдерін тауып отырды.

Партияның Сайлауалды Тұғырнамасында қамтылған 12 бағыт бойынша 192 мақсатты индикатор мен 77 нәтиже енгізілген. Сол мақсатты индикаторлардың 173 орындалып отыр. Аймақтық жоспар қабылданғалы

бері мерзімде жоспардың негізгі тармақтарына қатысты индикаторлық көрсеткіштері 90 пайызға орындалды.

Елбасы тапсырмасына сәйкес, сайлауалды Тұғырнамада белгіленген Техникалық және кәсіби білім беру кадрларын дайындауды дамыту бойынша жұмыстар

жалғастырылуда.

2011 жылы Кәсіптік – техникалық кадрлар даярлау жөнінде өңірлік Кеңес құрылған. Осы Кеңестің қолдауымен техникалық және кәсіптік білімді дамыту мақсатында облыста жүйелі жұмыстар атқарылуда.

2014 жылы 4 колледж “Дүниежүзілік даму” банкінің грантына ие болды, Республикалық бюджет есебінен Тараз қаласының «Арай» алқабында 600 орындық колледж пайдалануға берілді.

Ағымдағы жылдан бастап, Жамбыл политехникалық колледжі дуальды оқытудың эксперименттік алаңы болып

бекітілді. 2015-2016 оқу жылында 27 колледжге 26 мамандық бойынша оқытудың дуальды жүйесі енгізіліп, оған 1464 оқушы қамтылды.

Өткен оқу жылында дуальды оқытуға облыстағы 116 кәсіпорын тартылса, биыл олардың саны 132-ге жетті. Өңірдің қажеттілігіне сай, биылғы оқу жылында колледждерде жаңадан 10 мамандық ашылып, мамандар дайындауға 3740 мемлекеттік білім беру тапсырысы берілді. Оның 33% техникалық мамандықтарға бөлінді.

Өткен жылдан бері Білім және ғылым министрлігі, “Бөбек” қайырымдылық қоры және “Қазақстан Халық Банкі” арасында жасалған Меморандумға сәйкес және «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалының қолдауымен демеушілер арқылы облыста қорғаншылық пен қамқоршылықтағы 347 жетім балаларға мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі бойынша білім салымдары ашылды.

Облыста 223 білім беру ұйымында (45,2%) Қамқоршылық кеңестері жұмыс істеуде. Болашақта жоғары білімді қазақстандықтар тек мықты денсаулығы мен сапалы өмір сүру жағдайы болғанда ғана өз Отанына пайда келтіре алады. Аймақтық тұғырнаманың «Ұлт денсаулығы – ел қуаты» тармағы бойынша тегін медициналық көмектің кепілді көлемі биыл 2012 жылмен салыстырғанда 50%-ға артып, 30 млрд. теңгені құрады.

(Жалғасы 2-бетте).

Елбасы Жолдауын насихаттаған АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ПОЙЫЗЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Үстiмiздегi жылдың 7-і мен 11-ші желтоқсаны аралығында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму” атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауының басым бағыттарын түсіндіру бойынша Тараз қаласының темір жол вокзалынан шыққан АҚПАРАТТЫҚ ПОЙЫЗ Жамбыл-Б. Момышұлы бағыты және Жамбыл-Шу, Жамбыл -Мыңарал және Жамбыл-Отар бойынша екі бағытта аттанған болатын.

II бағыт бойынша шыққан АҚПАРАТТЫҚ ПОЙЫЗ 7 желтоқсан күні алдымен Үшбұлақ, одан соң Ақшалақ стансасында болып, тұрғындармен кездесу өткізді.

Станция маңында тұратын ауыл тұрғындары мен теміржолшылар алдында “Өсім, Реформалар, Даму” атты ақпараттық пойызының жетекшісі, облыстық ішкі саясат басқармасы, талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы А. Құрманов сөз сөйлеп, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жасақталған ақпараттық пойыз құрамында “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалының басшылары мен өкілдері, жастар, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, дәрігерлер, мәдениет саласының өнерпаздары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар екендігін айтып, үгіт құрамының мүшелерімен таныстырды.

Алғашқы сөзді алған облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Х. Бейсеев Елбасы Жолдауының негізгі бағыттарына тоқталды.



(Жалғасы 3-бетте).

«ЭКСПО-2017»- МЕН
ҮШІН ҮЛКЕН МҮМКІНДІК»

«ЭКСПО-2017»- МОИ НОВЫЕ
ВОЗМОЖНОСТИ»

«Виндатор Болотов» турбинасының
өнертапқышы

БОЛОТОВ АЛЬБЕРТ

изобретатель турбины

«Виндатор Болотов»

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Бесінші сайланған Байзақ аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXXVI сессиясы 2015 жылғы 11 желтоқсан күні сағат 10.00-де мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. “2015 - 2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы” Байзақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36 - 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. “Байзақ ауданының Құрметті азаматы” атағын беру туралы.

Аудандық мәслихат аппараты.

БАСЫЛЫМ-2016

Құрметті оқырмандар!



«Ауыл жаңалығы»-ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді кеңінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан жан-жақты мағлұмат беретін басылым. Басылымға 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүргізіліп жатыр.

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар) жазылушылар үшін: бір жылға – 2698 теңге 56 тиын;

алты айға – 1349 теңге 28 тиын.

Мекеме, ұйымдар (заңды тұлғалар) үшін: бір жылға – 3098 теңге 52 тиын;

алты айға – 1549 теңге 26 тиын.

Газеттің индексі: 65000

Өңірде атқарылған шаруа көп

ОБЛЫС ӘКІМІ К. Н. КӨКІРЕКБАЕВТЫҢ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ «ҚАЗАҚСТАН. 2017 МАҚСАТТАРЫ. ҰЛТТЫҚ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ» САЙЛАУАЛДЫ ТҰҒЫРНАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ЖОСПАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру жұмыстары өз жалғасын табауда.

Тәуліктік төсек қорын жыл сайын 5% қысқарту бойынша облыста соңғы үш жылда 997 төсек қысқартылды. (биылғы жылы 5757-ден 282 төсек). 2012-2015 жылдары 876 төсек қоры онтайландырылды. (2015 ж., 9 ай – 143 төсек орын қайта бейінделді).

Жыл сайын тұрақты мекемелерде ем алғандар саны төмендеп (2015ж.9 айда - 122076 адам емделді), күндізгі стационарларда емделгендер саны ұлғаяуда. (2015 ж. 9 айда - 50110 адам емделді).

Денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселенің бірі – халықты тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету. Амбулаториялық деңгейде жетілдірілген және тегін дәрілік заттарға бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артауда. Биыл бұл мақсатқа 1,8 млрд.теңге бөлініп, 2012 жылмен салыстырғанда 28,5%-ға артты (2012 жылы -1,4 млрд.тг.).

Сайлауалды Тұғырнамада 2017 жылға қарай ана өлімін – 5%-ға, бала өлімін – 19%-ға азайту көзделген. Облыста ана өлімінің көрсеткіші тұрақты төмендетуге қол жеткізілді. Мәселен, 2009 жылы ана өлімі 40,0 болса (ҚР - 36,8), 2014 жылы 18,1-ді құрады (ҚР – 11,7). Ал, биылғы жылдың 10 айында 4,5-ке түсіп отыр (ҚР – 11,0). Бала тууға жәрдемдесу және балалар ұйымдарын жарактандыру деңгейі ағымдағы жылы 77% құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 25%-ға өсті (52,2%). Сондай-ақ, 2012-2015 жылдары кемінде 81 денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланған.

Республикалық және жергілікті бюджет есебінен 61 денсаулық сақтау нысаны ел игілігіне берілді. Биыл, жобадан тыс, республикалық және облыстық бюджет есебінен Тараз қаласындағы 300 төсектік қалалық көпсалалы аурухана, Қаратау қаласындағы, Меркі ауылындағы 250 келушіге арналған аудандық орталық емханалар, Байзақ ауданындағы 60 төсектік туберкулезге қарсы ауруханасы құрылыстары жүргізілуде.

Әрине, дені сау ұлт қалыптастыру үшін **дене тәрбиесі мен спорттың** үлесі зор екендігі сөзсіз.

Бүгінгі таңда облыста 2013 спорт нысаны жұмыс істеуде (1 спорт сарайы, 13 спорт кешені, 19 стадион, 665 футбол алаңы, 548 спорт залы, 662 спорт алаңшалары және 105 басқа да нысандар).

Оның ішінде 440-ы тұрғындардың спортпен жүйелі түрде шұғылдануына мүмкіншілік жасауда.

Тұрғындардың 22 пайызының дене тәрбиесімен және спортпен жаппай шұғылдануын қамтамасыз ету мақсатымыз бүгінгі күннің өзінде 24,9 пайызға жеткізіліп отыр. Ал, жасөспірімдердің дене тәрбиесімен және спортпен шұғылдануы жоспарланған 13 пайыздан биылғы жылдың 10 айында 29 пайызға дейін жетіп отыр.

«Нұр Отан» партиясының **Ұлттық іс-қимыл Жоспарында** өнеркәсіп саласының дамуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Тұғырнамада облыс аумағындағы өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін ұлғайту көзделген.

Ағымдағы әлемдік күрделі экономикалық ахуалдың қалыптасуына қарамастан, барша жамбылдықтардың жұмыла жұмыс істеуінің арқасында облыс экономикасы бірқалыпты дамып келеді.

Бұл ең алдымен **«Үдемелі индустриялды – инновациялық даму»** Бағдарламасының жүзеге асуымен тығыз байланысты болып отыр. Бағдарламаның бірінші бесжылдығында жүзеге асырылған 33 инвестициялық жобасының 30-ы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі.

2015 жылдың қаңтар-қазаны аралығында өңдеу өнеркәсібінде шығарылған өнім көлемі 152 млрд. теңгені құрады. Бұл дегеніміз - жалпы өндірілген өндірістік өнім көлемінің 70%-ы.

Еңбек өнімділігі соңғы үш жылда едәуір өсіп, 2015 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі адам басына 8 млн.теңгені құрады немесе 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 31% -ға артты.

Биылғы жылы облыста металлургия өнімінің көлемі артып отыр. Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша саладағы өнім көлемі 11 млрд.теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңіне нақты көлем индексі (НКИ) 121% деңгейінде қалыптасқан.

Дағдарысқа қарсы іс-шаралар аясында өңірде кәсіпорындар арасында тауарлар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамтуды дамыту бойынша меморандумдар мен келісім-шарттар жасалуда.

2015 жылдың 1 желтоқсанына жалпы сомасы 44 млрд. теңгені құрайтын 498 меморандумға қол қойылды. Оның ішінде металлургия саласындағы кәсіпорындармен 7 млрд. теңгеге меморандум жасалды.

Кәсіпкерлік басқармасы кәсіпорындармен бірлесе отырып, бұл жұмысты ары қарай жалғастыруы қажет.

Сайлауалды Тұғырнамада көрсетілгендей, химия өнеркәсібінде өнім өндіру көлемін 2017 жылға дейін 1,3 есеге ұлғайту және минералдық тыңайтқыштарды жыл сайынғы өндіруді 250 мың тоннаға дейін жеткізу бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Облыс экономикасына **инвестиция тарту** бағытына келсек, 2012 жылы «Тараз Инвест Консалт» ЖШС-нің жанынан Жамбыл облысының Инвесторларға қызмет көрсету орталығы құрылған.

Бүгінгі күні өңірде, шетелдік инвесторлардың қатысуымен көлемі 103 млрд.теңгені құрайтын 6 жоба жүзеге асты. Одан басқа, құны 837 млрд. теңге болатын 13 жоба іске асырылуда.

Сонымен қатар, келешегі бар 20-дан астам

инвестициялық жоба бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ел іргесі берік, халықтың көңіл-күйінің жоғары болуы – азаматтардың әлеуметтік хал-ауалының жағдайына байланысты. **Партия Тұғырнамасында** адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау жаңа әлеуметтік саясатына басымдылық берілген. Атап айтқанда, облыста кемінде 1 млн.360 мың шаршы метр тұрғын үй салуды қамтамасыз ету жоспарланған.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға және өмір сүру сапасын арттыруға **«Колжетімді тұрғын үй - 2020»** бағдарламасының іске асырылуы ықпал етті.

2012-2014 жылдары барлық қаржыландыру көздерінен 741 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл алдыңғы үш жылдық (2009-2011 ж.ж.) кезеңнен 7,3%-ға жоғары.

«Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасының тұрғын үй бағыты бойынша үстіміздегі жылы 259 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған. Он айдың қорытындысы бойынша 330 мың шаршы метрі пайдалануға беріліп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 19 пайызға артып отыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» жүйесі арқылы 27 мың шаршы метрді құрайтын 4 тұрғын үй құрылысы жүргізіліп, 3,0 мың шаршы метрді құрайтын бір тұрғын үй тапсырылса, 3 үй жыл соңына дейін халық игілігіне беріледі (жоспар – 10,4 мың м²).

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеуді қамтамасыз ету партияның басты назарында болды.

Облыста 1574 көпкөптерлі тұрғын үй болса, оның бүгінгі күнге 561 үйі немесе 36% күрделі жөндеуді қажет етеді.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» Бағдарламасы шеңберінде 2011-2015 жылдар аралығында республикалық бюджет есебінен бөлінген жалпы 2 млрд.760 млн.теңгеге 194 үй жөндеуден өтті.

Жалпы, 2010 жылдан бері жөндеуді қажет ететін кондоминиум объектілерінің үлесі үстіміздегі жылы 12%-ға төмендеді.

Сайлауалды Тұғырнамада көрсетілген орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету бойынша индикаторлық көрсеткішке қол жеткізіліп отыр.

Ағымдағы жылы барлығы 7 жобаны іске асыруға 3 млрд. 400 млн.теңге бөлініп, жұмыстар аяқталу үстінде. Нәтижесінде, 70 шақырым желі ауыстырылады және қала тұрғындарының 85% орталықтандырылған сумен қамтылатын болады.

Коммуналдық жүйелерді жаңғырту жұмыстары да партия Тұғырнамасын іске асырудың аймақтық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Облыстың жылу желілерінің жалпы ұзықтығы 334 шақырымды құрайды. Облысты дамыту бағдарламасына сәйкес 2011 жылы 165 шақырым, оның ішінде Тараз қаласында 81 шақырым жылу беру желісі ауыстырылған (ішкі кварталдық жылу желілері), Шу қаласында жылу беру желісі толығымен жаңартылған.

Монокалалдарды дамыту бағдарламасы аясында Жаңағас және Қаратау қалаларында соңғы екі жылда тозығы жеткен жылу желілері толығымен жаңартылды.

Бұл бағыттағы басты мәселе - Тараз қаласында жылу желілерінің тозығы 70%-ға жетіп отыр. Бүгінде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ішкікварталдық және магистралдық жылу желілерін ауыстыру бойынша 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспар әзірленуде.

Алдағы 5 жылда 22 шақырым жылу желісін ауыстыруды жоспарлап отырмыз, оған республикалық бюджеттен 17 млрд.теңге қажет болады. Биылғы жылы Бағдарламасы аясында 880 млн.теңгеге 2 жоба жүзеге асырылуда.

Енді кезекте, 2016 - 2020 жылдары 1119 шақырым газ құбырларын ауыстыру жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы облыс қалаларында атқарылып жатқан жөндеу жұмыстарының арқасында тозығы жеткен су жүргізу және су бұру желілерінің 70 шақырымы жаңғыртылып, жөндеуді талап ететін желілер көлемі 60%-ға төмендейтін болады.

Өндіріс саласында энергияны үнемдеу жобаларын жүзеге асыруға отандық және шетелдік инвесторларды тарту мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Біздің партия әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасы, оның тұратын жеріне қарамастан, бірдей жоғары болу тізген берік қағидатты ұстанады.

Осы орайда, аймақтық жоспардың «Болашақтағы ауыл» тармағы бойынша Ұлттық экономика министрлігімен бірлесе отырып, 17 тірек ауылдық елді мекеннің тізімі анықталып, оларды дамытудың кешенді жоспары әзірленді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасына сәйкес, облыста жергілікті өзін-өзі басқаруға қаржылай қолдау және қалалардың инженерлік инфрақұрылымдарын дамыту басымдықтарын 2012-2014 жылдары жүзеге асыруға бюджеттен 4,2 млрд.теңге бөлінді.

Бағдарлама шеңберінде 605 млн.теңгеге облыстың жоғары және орта даму әлеуеті бар 188 елді мекенінде жарықтандыру, қоғалдандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу сияқты 264 шара іске асырылды.

Тұғырнамадағы аудан орталықтары мен ауылдарда 11 жаңа балабақша ашу жоспары 400 пайызға орындалып, 38 балабақша ашылды (2012ж.-15, 2013ж.-8, 2015ж.-15).

2012-2015 жылдары ауылдық елді мекендерде 110 мәдениет нысаны күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізілді. Оған барлығы 1 млрд. 800 млн.теңге жұмсалды.

2017 жылға дейін ауылдық елді мекендердің

71%-н орталықтандырылған сумен жабдықтау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып, индикаторлық көрсеткіштерге қол жеткізіліп келеді.

«Ақ бұлақ» бағдарламасы аясында 2011-2014 жылдары 17 млрд. теңгеге 54 ауылдық елді мекен сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіліп, ауыз судың орталықтандырылуы 60 пайызға жетті (222 а.е.м - 486,7мың адам).

Ал, үстіміздегі жылы 8 ауылдық елдімекенді сумен қамтамасыз етуге республикалық және жергілікті бюджет есебінен 1,8 млрд.теңге бөлінген. Бұл жыл соңына қарай 373 ауылдық елді мекеннің 61 пайызын (229 е.м. - 504,9 мың адам) және ондағы ауыл тұрғындарының 77% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы көлемі 16 млрд.теңгені құрайтын инвестициялық жобалар жүзеге асырылды. Салада 147 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, нақты индекс көлемі 4,3 пайызға артты.

Биылғы жыл **ауыл шаруашылығына** қолайлы жыл болып, егін шаруашылығының өнімдерін өсіруге, масакты дәнді дақылдардың түсімділігін өткен жылмен салыстырғанда екі есеге арттыруға мүмкіндік берді. Әр гектардан алынған орташа өнім 16 центнерді құрап, 183 мың тонна өнім артық алынды.

Сонымен қатар, алғаш рет 143 гектарға үдемелі бақтар отырғызылды. Меркі ауданында ғылыми негізде элиталық 300 мың көшет өсіріліп, шаруашылықтарға сатылды.

Өсімдік бағытында өнімділікті арттыру мақсатында 2020 жылға дейін тамшылатып және жаңбырлатып суару технологияларын 5,6 есеге ұлғайтуды көздеп отырмыз (25,6 мың га жеткізу). Осы орайда, жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар мен инвестициялық жобалар, ары қарай өз жалғасын тауып, қалыпты жағдайда қаржыландырылатын болады.

Облысымыздың **мал шаруашылығын** дамытудағы әлеуеті зор. Бұған мемлекет тарапынан да үлкен қолдау көрсетілуде. Ірі қара мал етінің экспортын дамыту, **«Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан»** бағдарламаларының қаржылық тетіктерін пайдалана отырып, сала өнімін еселеп арттырудың мүмкіндігі зор. Осы орайда, шетелдік компаниялармен бірлескен жобаларды жүзеге асырып, экспорттық әлеуетті дамыту маңызды.

Биылғы жылы **«Ырыс»** бағдарламасы бойынша облыста 12 сүт-тауарлы фермасын құру жұмыстары жүргізілуде, **«Сыбаға»** бағдарламасы аясында 3350-ге жуық бас аналық мүйізді ірі қара мал сатып алынды.

Осы орайда, **«Батыс Еуропа - Батыс Қытай»** дәлізі бойында басталған шағын сүт тауарлы фермаларын ұйымдастырудың тиімділігі сөзсіз. Сондықтан, ауыл шаруашылық басқармасы облыста өндірілетін өнімнің экспорттық әлеуетін жоғарылату бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өңдеу саласын инновациялық жолға қою арқылы, сыртқы нарыққа шығаруға қолайлы жағдай жасау қажет.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі өткен жылы адам басына шаққанда 800 мың теңге құрап, индикаторлық көрсеткіш 3 есе артық орындалды.

Партия 2017 жылға қарай **жұмыссыздық деңгейі** 5,4 пайызға дейін қысқарады деп жоспарлаған еді. Дегенмен, біз қазіргі өзінде 5 пайыздық деңгейге жетіп отырмыз.

Халықты жұмыспен тұрақты әрі нәтижелі қамту, жұмыссыздықты қысқарту үшін **«Жұмыспен қамту - 2020 жыл картасын»** іске асыру барысы партияның тұрақты бақылауында.

2012-2015 жылдары аралығында Бағдарламаны қаржыландыруға 18 млрд.теңге бөлінді. Бағдарламаға қатысқандар саны 29 мыңға жуық адамды құрады. Осы кезеңде барлығы 113 мыңнан аса адам жұмысқа орналастырылды.

Жалпы, атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыс бойынша кедейшілік шегінен төмен тұратын аз қамтылған азаматтардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 0,6 дан 0,4%-ға дейін азайды. Сондай-ақ, атаулы көмек алушылар құрамындағы еңбекке қабілетті азаматтардың үлесі де 32%-ден 28%-ге дейін (3,8%) төмендеп отыр.

Тұғырнаманы іске асыру барысында түрлі мақсатты топтарға бағытталған партиялық жобалар жүзеге асуда.

Мәселен, **«Кедергісіз келешек»** жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін 5 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізіліп, 571 адам жұмысқа орналасты.

Облыс бойынша жалпы мүгедектер саны 42528, бұл облыстағы барлық халық санының 3,9%-ын құрайды. Ал, еңбекке жарамды жастағы мүгедектердің саны – 11808 адам.

Оларды қоғамға бейімдеуде жарқын істер де баршылық. Мысалы, «Инватакси» қызметіне қажетті қаржы бөлініп, 10 автокөлік 5 бағыт бойынша (Тараз қаласы, Байзақ, Жамбыл, Шу, Қордай аудандары) мүгедектерді қажетті жерлеріне тасымалдайды.

Облыс бойынша жаңадан салынған немесе іске қосылған ғимараттар мен инфрақұрылым нысандары заң талаптарына сай мүгедектерге бейімделген.

Мектептердің 30 пайызында мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуы үшін жағдай жасау жоспарланса, облыс бойынша 34,2 пайызды құрап, партияның Сайлауалды тұғырнамасындағы индикаторлық көрсеткіш 4,2 %- ға арта түсті.

Бүгінде облыстағы 449 мектептің 154-нде мүмкіндігі шектеулі балалардың кедергісіз мектепке кіріп-шығуына толық жағдай жасалынып, инклюзивті білім алуы қамтамасыз етілген.

Жетім балалар мәселелері де **Сайлауалды Тұғырнамадан** тыс қалған жоқ.

«Бақытты балалық» жобасы аясында облыста 2014 жылдан бастап мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі бойынша балалар үйлерінің

тәрбиеленушілеріне білім депозиттерін ашу жұмыстары жүргізілуде.

2014 жылдың басынан бері балалар үйлерінің 347 тәрбиеленушісіне білім депозиттері ашылды. Тараз қаласы мен Меркі, Жамбыл аудандарында жаңадан 10 отбасы үлгісіндегі балалар үйлері ашылды.

Бүгінгі күні облыстағы 12 отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінде 55 бала тәрбиеленуде.

Қорғаншылық, қамқоршылық және патронаттық тәрбиедегі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 157 (2014 жылы) балаға тұрғын үйлер берілді. (113-Тараз, 26-Жаңағас, 18-Қаратау).

«Дипломмен ауылға» жобасы аясында соңғы үш жылда 1025 маманға 189 млн.теңге көлемінде әлеуметтік қолдау көрсетіліп, оның ішінде, 493 маман (1 240,2 млн.теңгеге) тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Бұл бағытта жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Құрметті әріптестер!

Партияның сайлауалды Тұғырнамасында дамудың жаңа кезеңінің міндеттерін табысты іске асырудың басты шарты - ұлттың бірлігі мен тұтастығы. Қазіргі уақытта күллі әлемді дүрліктіріп жатқан Таяу Шығыстағы, Еуропадағы оқиғалар орын алып жатқанда, еліміз азаматтық бірегейлік пен халықтар достықтарын сақтаудың үлгісін көрсетіп отырғанын өздеріңізге мәлім.

Бұның көрінісі - биылғы жылы **Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ел Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы** аясында өткізілген іс-шаралар.

Атап айтқанда, Ассамблея жылына арналған 260-тан аса іс-шара өткізіліп, облыстың әрбір төртінші тұрғыны қатысқан **«20 ізгілікті іс»** акциясы барысында 1 млрд. 348 млн.теңге көлемінде қайырымдылық акциясы өткізілді. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жергілікті орындарда **«Ардагерлерді ардақтайық»** жобасын іске асыру ерекше мәнге ие болды.

399 партия ұйымдары мен 2916 жасотандықтар Ұлы Отан соғысы, тыл ардагерлеріне және қамқоршысы жоқ жалғыз басты адамдарға тұрақты түрде атаулы көмек көрсетуде.

Барлық іс-шаралар рухани бірлікті, этикааралық келісімді нығайтуға, қоғамды топтастыруға бағытталды. Және олар өзінің оң нәтижесін беруде. «Нұр Отан» партиясы **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды** өзінің жұмысындағы маңызды басымдықтардың бірі ретінде қарайды.

Партия облыстық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңес отырыстарында «Нұр Отан» партиясының мүшелері-4 басқарма, 32 бөлім басшысы, 4 аудан әкімі, 2 аудан әкімінің орынбасары, 13 ауылдық округ әкімдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жұмыстарының жағдайы туралы есептері тыңдалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру бойынша биылғы жылға арналған іс-шаралардың аймақтық жоспары әзірленген.

Дегенмен, қоғамда сыбайлас жемқорлықтың көріністері әлі де орын алуда. Сондықтан, жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, партия филиалы жанындағы жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша **Қоғамдық кеңестің** жұмысын жандандыру керек.

Партияның халықпен біте қайнасу тетігінің бірі - қоғамдық қабылдау.

Партияның облыстық және аумақтық филиалдары қоғамдық қабылдау бөлмелеріне жыл басынан бері 5087 өтініш келіп түскен. Оның 1424-і шешімін тапты. Өтініштердің 4,6%-ы партия жобаларын іске асыру бойынша түсті.

Бүгінде облыстық және барлық аумақтық филиалдарда электрондық партия жүйесі арқылы, электрондық қабылдау бөлмелері жұмыс істейді. Бұл халық пен партияның байланысын күшейте түсті. Өтініш беруші «Нұр Отан» партиясының сайты арқылы өз өтініштерін тіркеуге мүмкіндік алды. Барлық партия филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелерінде бейне-бақылау камералары орнатылып, жұмыс барысының ашықтығын айқындайтын жүйе жұмыс істеуде.

Құрметті нұротандықтар!

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫН НАСИХАТТАҒАН

ақпараттық-насихат пойызы жолға шықты

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әлемдік дағдарыс кезінде еліміз алдында тұрған келелі міндеттерді іске асыру, ел бірлігін сақтаудың маңызын сөз етті. Өткен ғасырлардағы қиындықтарды қайыспай жеңген халқымыз алдағы



дағдарысты да жеңіп, тәуелсіз еліміздің дамуына өз үлестерін қосатындығын, қиын кезеңде Елбасының маңына топтасып, бірлігімізді көрсету қажеттігін,



ел келешегі-жастардың білім алып, еңбек етуіне барынша жағдай жасалып отырғандығын, 2017 жылдан бастап кәсіптік-техникалық білім алу тегін болатындығын айтып өтті. Жазушы-драматург Е. Әлімжан Жолдаудың әрбір жолына терең үңіле білген адам, әлемдік дағдарысқа қарсы тұра алатын нық қадамдарды көруге болатындығын, Астана қаласындағы Бейбітшілік

пен келісім сарайы алдына орнатылған, Монғолиядан әкелінген "Мәңгілік тастың" ғылыми көшірмесінде көне түркі ру тайпаларының 60-қа жуық таңбалары қашалып жазылғандығын, аталмыш таңбалар ел тұтастығын сақтауға үндейтіндігін тілге тиек етті. Елен Әлімжан әрбір қазақстандық барды бағалай отырып, ел табысын еселеуге, бірлігіміз бен татулығымызды құрметтеуге, Елбасы ұстанған саясатты қолдап, маңызды құжаттағы міндеттерді орындауға шақырды.

Ақпараттық поезддың құрамындағы Жамбыл облыстық филармониясының әншілері тамылжытып ән салып, домбыраның қос ішегінен күмбірлетіп күй төкті. Дәрігерлер, терапевт Р. Науалетов, кардиолог К. Накипбекова, невропатолог А. Бекбердиев, тіс дәрігері Н. Бегімбетов, дәрігер П. Шопаевтар ауыл тұрғындарының денсаулығын тексеріп, ақыл-кеңестерін берді. Екі бағыт бойынша сапарға шыққан ақпараттық пойыз 35 станцияға тоқтап, арнайы вагондарға тиелген арзандатылған ұн, қант, күріш, картоп, пияз, сәбіз, жұмыртқа секілді, 300 тоннадан астам ауыл шаруашылық өнімдерін жергілікті тұрғындар молынан сатып алып жатты.



Станса тұрғындары атынан сөз алған Ботамойнақ ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы К. Шартыбаев ақпараттық топ мүшелеріне алғыс айтып, еңбектеріне табыс тіледі. Өз кезегінде ауыл тұрғындары Жолдаудың басым бағыттарымен танысып қана қоймай, өздеріне көрсетіліп жатқан қамқорлықтарды сезініп, алғыстарын білдірді.

Өз тілшіміз.

Жолдау жүктеген міндет



Е.Серікбаев, еңбек ардагері. Байзақ ауданының «Құрметті азаматы».

Жыл сайын қазақстандықтар Елбасы Жолдауын асыға күтеді. Биыл Президентіміз дәстүрлі Жолдауын Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында, яғни 30 қараша күні жария етті. Осынау сәтті өзге қазақстандықтар секілді мен де теледидардан көріп, Елбасы сөзін ерекше ықыласпен тыңдадым.

Елбасымыздың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Жолдауы үлкен-кішіге зор жауапкершілік жүктейді.

Кезекті Жолдау халқымыздың әлауатын нығайтуға арналған нық та

сенімді тағы бір нақты қадам деп түсінемін. Онда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеу керектігін, жоспарларымызды жөндеп отыру қажеттігін алға тартып, жаңа қатерлер мен тың мүмкіндіктер, бүгінгі таңдағы жаһандық нақты ахуал, оған төтеп беру, жалпы дамуың басты бағыттарын айқындап берді. Шындығында да Елбасымыз айтпақшы, ел-жұртымыз ынтымақтастықпен ұйысқанда ғана аса күрделі де қиын кезеңнің күрмеуі шешілетіні анық. «Дағдарыстардың бәрі өткініші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Мен айтып өткеннің барлығы жеңуге болатын, біз жеңе алатын бөгеттер. Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік ел болу үшін ізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын жесібіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жөзіміз жарқын! Біздің

тірегіміз - тәуелсіздік, тілегіміз - тұрақтылық, білегіміз - бірлік!» деген Президент сөзі қазақстандықтарға күш-жігер беріп, ел ертеңіне деген сенімін бекіте түсті.

Сонымен қатар, Жолдауда жылдағыдай денсаулық, білім салаларына қолдау көрсету, қарапайым халық қамын жақсарту мәселелері кеңінен айтылды. Өсіресе Нұрсұлтан Назарбаевтың кейінгі буын - жастарды еңбексүйгіштікке, қандай іс болса да қаймықпай іс істеуге үндегені аға ұрпаққа айрықша ұнады деп ойлаймын. Өйткені еңбек - бәрін де жеңбек.

